



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ» ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын ашып, бұл жиынның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті. Президент жасанды интеллекттің дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін еместігін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

– Сондықтан біз де осы ахуалға сай алдымызға биік мақсат қойдық. Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керек. Мен бұл туралы халыққа Жолдауымда жан-жақты тарақтып айттым. Жалпы, елімізде осы бағытта біраз жұмыс істелді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің 92 пайыздан астамы онлайн форматта ұсынылады. Былтыр еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 85 пайыздан асты. Сондай-ақ биыл алғашқы жарты жыл ішінде Қазақстан азаматтарына 26 миллион цифрлық қызмет көрсетілді. Соның жартысына жуығы смарт-фон арқылы жасалған. Мұның бәрі де, әрине, жақсы. Дейтұрғанмен жасанды интеллекттің даму жылдамдығы өте тез, қарқыны жоғары. Сондықтан бір орында тоқтап қалмай, бұл іске үнемі жаңа көзқараспен қарау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-қатерлер» тақырыбына арналатынын айтты.

Президенттің пікірінше, біз қазір түбегейлі өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект бүгінде экономиканың, мемлекеттің басқару жүйесінің, ғылымның, ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындауда.

– Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға қарай анықталады. Мен жуырдағы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойдым. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат – Қазақстанды озық, өркеніетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллекттің XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүние жүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын

көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекеңің негізгі факторы – жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің алдында тұрған басты мақсат отандық технологияны жан-жақты дамыту және мықты IT мамандарын даярлау екеніне мән берді. Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласындағы негізгі басымдықтарға тоқталды.

– Университеттер жаңа заманға сай мамандар дайындауға тиіс. Қазақстанның инженерлері, зерттеушілері және кәсіпкерлері бүкіл әлемнің қажетіне жарайтын озық технологияларды ойлап табуға қабілетті болуы керек. Жыл басында елімізде AI-Sana бағдарламасы іске қосылды. Осы жоба аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертификатқа ие болды. Мұндай бағдарламалардың пайдасы мол, себебі дәл осындай алаңдарда ең үздік жобалар өз алдына стартап ретінде қалыптасып, халықаралық нарыққа шыға бастайды. Алайда біз әлемдік нарықта жасанды интеллект мамандарына деген сұранысты өте жоғары екенін ұмытпауымыз керек және алдағы уақытта бұл сұраныс тек өсе бермек. Мұндай жағдайда, тіпті, білім беру жүйесінің мүмкіндігі де шектеулі болары анық. Сол себепті қазіргі озық технология дәуірінде әр маман иесі өзінің негізгі кәсібімен қатар, цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін жұмыс барысында қолдана білгені жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінде елімізде жасанды интеллект мамандарын оқытатын арнайы оқу орны жоқ екеніне, олар тек жекелеген университеттерде білім алатынына назар аударды.

– Бұл мәселені қолға алып, нақты шешім қабылдау керек. Әлемде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде Мұхаммед бен Заид атындағы мамандандырылған Жасанды интеллект университеті құрылды. Қазақстанда 79 университетте IT мамандығы бойынша 63 мыңнан астам студент оқиды. Былтырдан бері білім беру бағдарламаларына Жасанды интеллект пәні жаппай енгізіліп жатыр. Сондай-ақ университеттерде жасанды интеллект жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Білікті ғалымдарымыз былтыр KazLLM атты қазақ тілінің жеке моделін жасап шығарды. Осының бәрі өте маңызды



жобалар екені сөзсіз. Бірақ алда ауқымды жұмыс бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен елімізде жасанды интеллект саласына маманданған зерттеу университетін ашу керек.

– Оқу орнына арнайы мәртебе берген жөн. Сондай-ақ бұл жұмысқа әлемдік үздік оқу орындарын серіктес ретінде тарту қажет. Үкімет жыл соңына дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныс беруге тиіс. Осындай жаңа оқу орны бізге не үшін қажет деген сауал да туындауы мүмкін. Басты мақсат – экономиканың барлық саласына жасанды интеллект технологиясын енгізетін білікті мамандарды даярлау. Зерттеу университеті ғылым-білім, инновация және халықаралық байланыс орталығы ретінде жұмыс істеуі керек. Қазіргі жаһандық білім және технология нарығында бәсеке өте жоғары. Дарынды жастарымыз әлемдік деңгейдегі сапалы білімді тек шетелден емес, өз елімізден де алғаны дұрыс. Бұл – Қазақстанның болашағына тікелей әсері бар өте маңызды мәселе, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне кеңінен енгізу қажет деп санайды.

– Дербес оқыту – революциялық мүмкіндік. Әдеттегі «Барлығына бір бағдарлама» моделі заман талабына сай келмейді. Әр оқушының өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі математикаға жүйрік болса да, тіл үйренген кезде қиналады. Енді бірі гуманитарлық пәндерге жетік болса, бірі физикаға шорқақ. Жасанды интеллект арқылы осы олқылықты жоюға болады. ЖИ негізінде құрылған білім жүйесінде әр оқушының қарым-қабілетіне сәйкес жеке оқыту бағдарламасын әзірлей аламыз.

Соның нәтижесінде жастардың әлеуеті мен оқуға ынтасы артады. Халықаралық тәжірибеде мұндай сәтті мысалдар жеткілікті. Мәселен, АҚШ-та DreamBox және Knewton сияқты білім беру платформалары математика курсына әр оқушыға бейімдеп оқытады. Оңтүстік Кореяда жасанды интеллекттің тіл үйрену үшін қолданады. Қазақстанда да мұндай тәсілге жүгінудің айрықша маңызы бар. Әсіресе, көптің ел ретінде біз тілдік, мәдени немесе жалпы білім деңгейі әртүрлі балалардың бәріне тең жағдай жасауды ойлауымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент оқушылардың цифрлық профильдерін қалыптастыруды тағы бір маңызды басымдық ретінде атады.

– Онда әр баланың оқу үлгерімі, мықты қырлары мен жетістіктері тіркеледі. Ал бұл, өз кезегінде, университет бағдарламасын оңтайландырып, жоғары оқу орнын мерзімінен бұрын тәмамдауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жасанды интеллект цифрлық профиль негізінде кәсіптік бағдар жүйесін жасайды. Оқушыларға қарым-қабілетіне сай даму жолдары, курстар мен жобаларды таңдау еркіндігі ұсынылуы керек. Бұл болашақ инженерлерді, зерттеушілерді, дерігерлерді, мұғалімдер мен

кәсіпкерлерді алдын ала анықтауға жол ашады. Осылайша, әрбір адам өз қабілетін пайдаланып, өмірден лайықты орнын табады. Үкіметке жаңа ЖИ университетімен интеграцияланған оқушылардың ұлттық цифрлық профильдер жүйесін құруды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды.

– Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырылығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз – педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағиданы ескеруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім алу мүмкіндіктерін кеңейту маңызы міндет екеніне мән берді.

– Жасанды интеллекттің кеңінен пайдалану орталық пен аймақ, қала мен ауыл арасындағы білім алшақтығын қысқартуға қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, бұл шағын жинақты мектептерге қатысты мәселе. ЖИ технологияларын енгізу ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдау үшін өте маңызды. Біздің мақсатымыз – шын мәнінде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл – Әділетті Қазақстан құрудың негізгі алғышарттарының бірі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллект білімді дамытуға және таратуға оң ықпал етеді. Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

– Бұл – озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселін немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз. Оқушыларға берілетін білімнің мазмұны және оның сапасы дұрыс болуы керек. Ең жақсы алгоритмнің өзі қате немесе жеңіл-желпі материал әзірлеп беруі мүмкін. Қайталап айтамын, жасанды интеллекттің білім беру ісінде көмек құралы ретінде қолдануға болады. Алайда білімнің сапасына және тәрбиелік мағынасына машина емес, адам жауапты болуға тиіс.

Оқу материалының мемлекеттік стандартқа сәйкес болуын, оның ғылыми және мәдени талаптарға сай келуін мұғалім қадағалап отыруы керек. Ұстаз сапалы білімнің басты кепілі болып қала береді. Сондықтан Үкімет мемлекеттік стандартқа сәйкес сапалы контент жасауға мүмкіндік беретін ұлттық білім беру платформасын әзірлеуі қажет. Осы тұста бір мәселені арнайы атап өткім келеді: біз жасанды интеллект саласында ең алдымен өз

елімізден шыққан өнімдерді пайдалануымыз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына жасанды интеллекттің кеңінен енгізу барысында оның қауіп-қатерлерін қаперден шығармауды ескертті.

– Ең алдымен, бұл жерде жасанды интеллекттің теріс пиғылда пайдалану секілді этикалық мәселелер сөз болып отыр. Нейрожелі берген жауапқа сеніп, оқушылар сыни пайымдау, іздену және сараптау қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. ЖИ білім беру үдерісін жетілдіруге тиіс, бірақ оның іргелі негізін алмастырмауы керек. Сондықтан Үкімет академиялық адалдықты қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еңбек нарығы күн өткен сайын өзгеріп жатқанын атап өтті.

– Көптеген кәсіп иелерінің жұмысын енді автоматты жүйе атқаратын болады. Мұндай үрдіс қазірдің өзінде жүріп жатыр. Бұл бірқатар мамандықтың ескіруіне, яғни көптеген адамның жұмыссыз қалуына әкеп соқтырады. Бұл – аса өзекті мәселе. Осы жұмысты қазірден бастап қолға алмасақ, мұндай үрдістің әлеуметтік салдары ауыр болады.

Жұмыссыздық белең алып, тұрмыс сапасы төмендеп, әлеуметтік теңсіздік күшеюі мүмкін. Бірақ бұл жерде де жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға болады. Мәселен, ақылды технологиялар қызметкерлердің мықты не әлсіз тұстарын айқындап, кәсіби шеберлігін дамыту үшін нақты ұсыныстар бере алады. Мамандарды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға кең мүмкіндік жасап, күні бұрын әрекет етуге тиіспіз. Бұл ретте тым үлкен қайта даярлау орталықтарын құруға бюджеттен миллиондаған қаржы шығындаудың қажеті жоқ. Жасанды интеллекттің әлеуетін сауатты қолдана білген жөн. Біздің міндетіміз – жұмыссыз қалудың алдында тұрған миллиондаған адамға жаңа мүмкіндік беру. Басқаша айтсақ, жасанды интеллекттің орасан зор әлеуетін жаңа жұмыс орындарын ашуға, адам капиталын күшейтіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға пайдалану керек. Үкіметке жасанды интеллект негізінде әзірленген ұлттық онлайн-платформаны іске қосуды тапсырамын. Сол арқылы жұмыссыз қалған мамандарды болашақта сұранысқа ие болатын кәсіпке бейімдеу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзі қорытындылай келе, біздің цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұратынын жеткізді.

– Шын мәнінде, негізгі мәселе жасанды интеллект қана емес. Ең бастысы – елдің егемендігі, ұрпақтың болашағы. Үкімет бүгін айтылған ұсыныстың бәрін мұқият қарастырады. Сөз соңында бір мәселені атап өткім келеді. Жасанды интеллект – цифрлық экономиканың негізгі қозғаушы күші. Сондықтан Кеңестің келесі отырысын осы тақырыпқа арнауды ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, БАӨ Жасанды интеллект мәселелері жөніндегі мемлекеттік министрі Омар Әл-Олама, Innovation Ventures және 01.ai негізін қалаушы Ли Кай Фу, Cambrian Futures компаниясының бас директоры Олаф Дж. Грот, Сан-Диегодағы Калифорния университетінің ректоры Прадип Хосла, Тьюринг атындағы сыйлықтың лауреаты Джон Хопкрофт, БҰҰ-ның «ЖИ игілік үшін» Бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Эбтесам Әл-Мазруи, Polynome Group негізін қалаушы Александр Ханин және Oxford Insights компаниясының бас директоры Ричард Стирлинг сөз сөйледі.



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ДОСТЫҚ - МОЙЫНТЫ» ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІН ІСКЕ ҚОСТЫ



жолды салған ардагерлеріміз қазір осы жиынға қатысып отыр. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Мен халыққа Жолдауымда, көлік-логистика саласы – экономиканың қозғаушы күші, халықаралық байланысты нығайтатын негізгі фактордың бірі деп атап өттім. Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті зор. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы алтын көпір саналады. Қытай – біздің мәңгі, тату көршіміз әрі сенімді одақтасмыз. Біз бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Қос халықтың қарым-қатынасы мызғымас достыққа, өзара сенімге негізделген. Елдеріміздің болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Көп саладағы ынтымақтастығымыз нығаюда. Әсіресе, «Бір белдеу, бір жол» жаһандық жобасының мән-мағынасы айрықша. Баршаңызға мәлім, 2013 жылы Төраға Си Цзиньпин бұл бастаманы Қазақстанда жариялады. Біз осы жобаны барынша қолдаймыз, оны жүзеге асыруға белсене атсалысып жатырмыз. Себебі бұл бастама еліміздің мүддесіне толық сай келеді. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі – соның айқын дәлелі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба. – Жұмысшыларымыз үш жылға жуық уақыт бойы күні-түні табанды еңбек етті. Осындай белсенді жұмыстың арқасында теміржол мерзімінен бұрын іске қосылмақ. Мұны, шын мәнінде, тарихи сәт деуге болады. Бұл – баршаңызға ортақ қажырлы еңбектің жемісі. Бәріңізді шын жүректен құттықтаймын! Зор ризашылығымды білдіремін. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экспорттық тауарларды жеткізу уақытын қысқартып, транзиттік әлеуетімізді күшейте түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бүгінде Еуразиядағы басты транзит хабының біріне айналғанын атап өтті. – Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты жалғап тұр. Жеріміз арқылы 5 теміржол дәлізі өтеді. Оның бәрі әлемнің ең ірі сауда нарықтарына жол ашады. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Соңғы он жылда осы салаға шамамен 35 миллиард доллар инвестиция салынды. Мен халыққа Жолдауымда бірқатар жобаны уақтылы жүзеге асыру туралы нақты тапсырма бердім. Алдағы уақытта 5 мың шақырым теміржол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 11 мың шақырым теміржол жөнделеді. Қазір «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі учаскелер жаңғыртылады. Бұл бағдар – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының басты бөлігі. Мұның бәрі Еуропа пен Азияның арасын жалғап, Транс-Қазақстан теміржол бағытының, яғни Орта дәліздің қарқынды дамуына ықпал етеді. Жалпы, бәсекеге қабілетті ел болу үшін экономикамыздың мейлінше қуатты болуына баса назар аударуымыз керек. Бұл ретте, көлік-логистика саласының орны бөлек. Сондықтан Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру негізгі басымдықтың бірі болып қала бермек. Теміржол саласының алдында тұрған міндеттер – айқын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта бұл салаға цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын енгізе отырып, оны ел экономикасының озық бағыты ретінде дамыту көзделгеніне, алда әлі де ауқымды жұмыс тұрғанына, сол себепті барлық жоспарды уақтылы, дер кезінде орындау өте маңызды екеніне назар аударды.

Сондай-ақ телекөпірде Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, «Қазақстанның Еңбек Ері», темір жол саласының ардагері Қалтай Сәмбетов сөз сөйледі.

akorda.kz

# ЖЕТИСУДАҒЫ ҚАНТ ЗАУЫТТАРЫ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАБЫЛДАЙ БАСТАДЫ



Жетісу облысында Ақсу және Көксу қант зауыттары тәтті түбір қабылдай бастады. Екі зауытта барлығы 528 мың тонна қант қызылшасын қайта өңдеу жоспарланған, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биыл өңірде қант қызылшасы шамамен 12,2 мың гектарға егілген. Қазір Ақсу, Алакөл, Сарқан, Ескелді және Көксу аудандарында өнім жинау жұмыстары басталды. Жинауға 113 комбайн мен 52 жапырақ жинағыш машина қатысуда. Комбайндардың қуаттылығы

күніне 700 гектарға дейін жинауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда 240 гектар жер қазылып, 10 мың тоннадан астам өнім жиналды, орташа түсім – гектарына 422,6 центнер.

– Ауыл шаруашылығы саласында қант қызылшасы аса маңызды. Біздің облыста тәтті түбірді өсіру жақсы жолға қойылған. Жергілікті бюджеттен өндірілген қант қызылшасының тоннасына 25 мың теңге субсидия төленсе, зауыттар тоннасына тағы 15 мың теңге береді. Нәтижесінде сатып алу бағасы 40 мың теңгеге жетеді. Сонымен қатар қызылша өсірушілер сатып

алынған тұқымдар, минералды тыңайтқыштар, пестицидтер үшін де субсидия алады. Оларға арзандатылған жанар-жағармай, лизинке техника ұсынылады. Облыста барлығы қызылша бағытындағы 25 сервистік-дайындау орталығы жұмыс істейді. Онда 450-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасы бар. Бүгінде екі зауыт та астықты қабылдап, өңдеуге дайын. Ақсу қант зауыты көліктердің тұрған кезегіне сәйкес күніне 3 мың тоннаға дейін қабылдаса, Көксу қант зауыты кесте бойынша күніне 2 мың тонна өнім алуға қауқарлы. Жалпы алғанда 528 мың тонна өнім алынады деп күтілуде. Оның 292 мың тоннасы Ақсу қант зауытына, 236 мың тоннасы Көксу зауытына бағытталады, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Айта кетейік, Көксу ауданында биыл қант қызылшасын өсірумен 136 шаруашылық айналысуда.

– Біз биыл 40 гектар жерге қант қызылшасын отырғыздық. Қызылша жинау науқаны басталды. Барлық қажетті техника бар. Міне, алғашқылардың бірі болып қызылшаны қабылдау пунктіне әкелдік, бәрін тез тапсырып, астықты шығынсыз жинауды жоспарлап отырмыз. Өткен жылы біз қызылша тап-

# ЖЕТИСУДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АРДАГЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



баспасөз қызметі.

Ардагермен әңгімелесіп, мерекемен құттықтаған Диас Рахметұлы мен Ермек Әбілмәжинұлы құрметті қарияға Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай шығарылған «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» кітабын, гүл шоғын және азық-түлік себетін сыйға тартты. 101 жастағы ардагер өзіне көрсетілген құрметке ризашылық білдіріп, ақ батасын арнады.

Ысқақ Әбілпейісұлы Құсайынов 1924 жылы Алакөл ауданындағы Көлбай ауылында дүниеге келген. Майданға 1942 жылы өзі сұранып аттанған. Амур әскери-теңіз флотындағы «Зенит» дивизиясында фашист басқыншыларына қарсы соғысқан ардагер «Әскери-теңіз флотының үздігі» атағын алған. Жапон соғысына қатысқаннан кейін туған жерге оралып, педучилищеде білім алып, Екпінді ауылындағы мектепке мұғалім болып жұмыс істейді. Кейіннен сол мектептің директоры болды. Білім саласына 40 жылын сарп еткеннен соң – мектеп оқушыларына арналған бірнеше оқулықтың авторы. Майдандағы ерлігі үшін II дәрежелі Отан орденімен марапатталған ардагер – Еңбек Қызыл Ту орденінің және басқа да медальдармен мен марапаттардың иесі. Бейбіт күнде «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне қадаған.

Айта кетейік, биыл «BATYR MAN» жобасының аясында Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Ысқақ Құсайынов туралы жеке кітап жарық көрген болатын. Туындыны облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері дайындады.

Фототілші: Жеңіс Ысқабай

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

# ЕЛОРДАДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕ: ЖЕТИСУДАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ 155 ТОННАДАН АСТАМ ӨНІМ ӘКЕЛДІ



Өткен демалыс күндері елордада өткен ауылшаруашылық жәрмеңкесіне жетісулық өндірушілер жалпы көлемі шамамен 155 тоннаны құрайтын 54 түрлі өнім әкелді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жәрмеңкеге екі қаладан – Талдықорған мен Текеліден және Алакөл, Ақсу, Сарқан, Панфилов, Кербұлақ, Қаратал, Көксу, Ескелді ауданынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысты.

Астанаға жеңілдетілген бағамен барлығы 154,8 тонна азық-түлік жеткізілді. Оның ішінде ет, балық, сүт өнімдері, көкөністер, жемістер, бал және басқа да өнім көп. Ақсу және Көксу аудандары елорда тұрғындарын өз зауыттарында өндірілген сапалы қантпен қуанса, Ескелді аудандары алма, жеміс-жидек, Кербұлақ ауданы кар-

топ пен бал тарту етті. Етке сұраныс жоғары болды.

Астана тұрғыны Айнуір Садықова: «Мен картоп пен алма сатып алдым. Айырмашылығын, балғындығын және табиғилығын бірден сезе аласыз. Бұл отбасына қажет» деген ойымен бөлісті.

Ал бағаларға қатысты зейнеткер Нұрлан Ахметов: «Дүкендерде ет қымбат. Бірақ мұнда біршама арзанырақ. Қаратал ауданынан сиыр етін сатып алып, сапасына риза болдым», – дейді ол.

Жас ана Әлия Кеңес көкөністердің үлкен таңдауын атап өтті: «Мен Көксу ауданынан сөбіз мен қырыққабат сатып алдым. Барлығы таза әрі балғын. Күні кеше ғана ғана терілгені анық. Жәрмеңке ұйымдастырушыларға көп рахмет».

Ұйымдастырушылардың бағалауы бойынша екі күнде шамамен 128,8 млн. теңгенің өнімі сатылған.

Фотосуреттер облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан алынған

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

сыруды 15 қыркүйекте бастадық және он күнде аяқтадық. Биыл жұмысты қазанда бастап отырмыз. Енді өніміміз жемісті болады деп ойлаймыз. Айтпақшы, ауданымыздағы өңдеу зауыты майбұршақты да қабылдайды. Сол істі де қолға алдық, – деп атап өтті шаруа қожалығының басшысы Мақсат Әбдірахманов. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қант қызылшасын қабылдау Ақсу қант зауытында да басталды. Жалпы ауданда

биыл қант қызылшасын 2400 гектарға 94 шаруа қожалығы екті. Көршілес Сарқан және Алакөл аудандарының шаруалары да қант зауытына өз өнімдерін тапсырып жатыр. Зауытта қайта өңдеуді іске қосу 7 қазанға жоспарланған. Сурет: Александра Склабовский, Ақсу ауданының әкімдігімен ұсынылған фотосуреттер

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

## ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЧИЛИ КОМПАНИЯСЫ ТЕГІСТЕГІШ БОЛАТ ШАР ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ САЛАДЫ



**Талдықорғанда Чили компаниясы тегістегіш болат шар өндіретін зауыт салады. Жаңа кәсіпорынның іргетасын қалау келесі жылға жоспарланып отыр, – деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов шетелдік инвесторлармен өткен кездесуде ірі инвестициялық жобаны іске асыру жұмыстары келісімшартқа қол қойылған сәттен жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқанын атап өтті.

Инвестициялық жобалар – экономиканың ең маңызды драйвері. Жетісу облысында бірқатар ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Негізгі құжаттарға қол қойылып, бірнеше кездесу өткізілгеннен кейін

біз өз тарапымыздан болашақ зауытты орналастыру үшін «Талдықорған» индустриалды аймағынан жер телімін дайындадық. Облыс басшылығы атынан қолданыстағы заңнама аясында инвестжобаға барынша қолдау көрсетілетінін айтқым келеді. Бұл жоба өңір экономикасына мультипликативті әсер беріп қана қоймай, тұрақты жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді, – деді Ә. Қанағатов. Ол сондай-ақ жобаны іске асыру мерзімдері мен құрылыс жұмыстарының алдын ала кестесіне қатысты бірқатар нақты мәселелерді алға тартты.

«ME Elecmetal» компаниясының бас директоры Эухенио Артеага атап өткендей, Жетісу облысы стратегиялық тұрғыдан қолайлы географиялық орналасуға ие, қажетті логистика мен

энергетика саласындағы ресурстарға бай, бұл дайын өнімді табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

– Біздің жоба металлургия саласын дамытуға бағытталған. Өнім ішкі нарықта да, Орталық Азия елдеріне де экспортқа жіберілетін болады. Барлық ұйымдастыру мәселесі шешілгеннен кейін келер жылдың наурыз айында болашақ зауыттың іргетасын қалауды жоспарлап отырмыз, – дейді компания директоры. Сондай-ақ жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Кездесу соңында қос тарап жобаға қатысты барлық ағымдағы мәселелерді талқылап, экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту туралы келісті.

Естеріңізге сала кетейік, «KAZ Minerals» тобы мен чилилік инвестор «ME Elecmetal» компаниясы арасында тегістегіш болат шар өндіретін зауыт құрылысы бойынша оффтейк-келісімшартқа қол қою биыл наурыз айында Астана қаласында өткен болатын. Кездесуге Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің басшылығы, қос тарап елшіліктердің, облыс әкімдігінің және компаниялардың өкілдері қатысты.

Қуаты 180 мың тоннаға дейін тегістегіш болат шар шығаратын жаңа кәсіпорынды іске қосудың арқасында Жетісу облысының экономикасына шамамен 70 млн. доллар инвестиция тартылып, 150 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Зауытты іске қосу 2028 жылға жоспарланған.

Сурет: Еркебұлан Тұрсынғали

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

туляремияның табиғи ошақтарында тұратын халықты туляремияға қарсы вакцинациялау болып табылады.

Туляремияның алдын алу келесі шараларды қамтиды:

–кәсіпорындарда, тұрғын үй-жайларда кеміргіштерді жою;

–табағат аясына шыққанда репелленттерді (жәндіктердің шағуынан қорғайтын) қолдану;

–ашық су қоймаларынан ауыз суды шікілей пайдаланбау;

–кенелердің шабуылынан және кеміргіштермен байланысты болдырмау үшін, далада жұмыс жасағанда уақытша тұрақтар мен киіз үйлерді тіккенде, демалатын орынды кеміргіштердің інінен, мал жайылатын жерлерден қашыққа орналастыру;-шаңның пайда болуымен жүретін жұмыстарды жеке қорғаныш құралдарын (мақта-дөке бинті немесе респиратор, қолғап) қолдану арқылы жүргізу қажет.Есіңізде болсын, жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды орындау арқылы Сіз туляремия жұқпасынан өзіңізді қорғайсыз.

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**  
**Ескелді аудандық**  
**СЭБ басқарма басшысы**  
**Д.БЕКТЕНОВ,**  
**жетекші маман**

қадағалау комитетінің Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы халықты құс тұмауына қарсы сақтық шараларын мұлткісіз орындауға шақырады. Мемлекеттік ветеринариялық қызмет пен халық арасындағы ашық байланыс - аса қауіпті аурулардың кең таралуына тосқауыл бола алады. Құс тұмауы тек жеке шаруашылықтың мәселесі емес, тұтас ауыл мен елді мекеннің биологиялық қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін фактор. Дер кезінде хабар беру мамандардың шұғыл әрекет етуіне мүмкіндік береді. Аурудың таралуына жол бермеу тек ветеринар мамандардың емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Ветеринариялық-санитариялық сауаттылық пен сақтық шараларын ұстану, қоғамды аса қауіпті вирустық аурулардан қорғаудың басты кепілі.

**Д.ӘДІЛБЕКҰЛЫ,**  
**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор**

–Сведения о совершении административного правонарушения

–Информация о движении средств в ЕНПФ

–Регистрация в качестве безработного

–Сведения о совершении лицом коррупционного преступления.

Таже, указанные справки могут быть получены гражданами в «Уголках самообслуживания», которые расположены в зданиях акиматов районов/городов, акиматов сельских/городских округов, районных отделов (услугодатели), школ, библиотек, больниц, детских садов.

## ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

*Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Ұстаздық – бұл жай ғана мамандық емес, ол – ел ертеңіне деген жауапкершілікпен атқарылатын үлкен миссия. Білім мен тәрбиенің дәнін сеуіп, шәкірт жүрегіне жарық нұр құятын ұстаздар қауымының еңбегі қашанда құрметке лайық. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз – еліміздің болашағын қалыптастыратын саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеуге қосылған зор үлес.*

*Бүгінде Ескелді ауданының білім беру саласы қарқынды дамып келеді. Бұл жетістіктер – сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің, кәсібиліктеріңіздің, жас ұрпаққа деген жанаһырлық пен адалдықтың нәтижесі.*

*Қай заманда да ұстаз – қоғамның тірегі, руханияттың шамшырағы болып келеді. Сіздердің әр шәкіртке берген біліміңіз, әр айтқан ақылыңыз – елдің ертеңіне салынған берік іргетас.*

*Құрметті ұстаздар! Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығын, қажымас қайрат пен шығармашылық табыс тілеймін. Шәкірттеріңіздің биік белестерден көрінуі – сіздердің еңбектеріңіздің ең үлкен марапаты болмақ.*

*Ұлағатты еңбектеріңізге алғыс білдіре отырып, Ұстаздар күні құтты болсын!*

**Ізгі ниетпен,**  
**Елдос Ахметов,**  
**Ескелді ауданының әкімі**

## УСТРАНЁН БАРЬЕР ЗА ПОЛЬЗОВАНИЕ ЛИЦЕНЗИЕЙ НА РЫНКЕ РЕАЛИЗАЦИИ АЛКОГОЛЬНОЙ ПРОДУКЦИИ

**Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу (далее – Департамент)на Совете по барьерам по области Жетісу рассмотрен барьер для развития конкуренции, связанный с двойным налогообложением субъектов рынка, реализующих алкогольную продукцию в части лицензионного сбора на право занятия и на пользование деятельностью.**

Ставки за пользование лицензией на розничную реализацию по КБК 105402 «Лицензионный сбор на право занятия отдельными видами деятельности» при первичном получении лицензии и по КБК 105434 «Плата за пользование лицензиями на занятие отдельными видами деятельности» идентичны.

Плата за пользование лицензией в данном случае является барьером для добросовестной конкуренции, и скрытым двойным налогообложением, т.е. происходит двойная нагрузка на субъектов рынка.

По итогам рассмотрения данной проблемы предложение было учтено при разработке новой редакции Налогового кодексаРК, вступивший в законную силу от 18 июля 2025 года № 214-VIIIЗРК - исключена норма об ежегодной плате за пользование лицензией,сохранив только лицензионный сбор при выдаче лицензии на занятие данным видом деятельности(статья 616 нового Налогового кодекса).

Справочно: В 2023 году на заседании Совета по барьерам области Жетісу (далее - Совет) член Совета Казакпаев Эдиль Юрьевич поднимал данный вопрос и в 2024 году указанный барьер рассмотрен на Республиканском Совете по барьерам и при разработке новой редакции Налогового кодекса РК данная норма исключена.

**Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: СЕБЕПТЕРІ, САЛДАРЫ, ШЕШІМІ



Сыбайлас жемқорлық — бұл кез келген қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті құбылыстардың бірі. Ол мемлекеттің тұрақтылығына, азаматтардың құқығына, әділеттілік пен теңдікке нұқсан келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу — бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына әртүрлі факторлар әсер етеді:

1.Төмен құқықтық мәдениет – Заңды білмеу немесе оған немқұрайлы қарау адамдарды заң бұзуға итермелейді.

2.Әлеуметтік теңсіздік – Жұмыссыздық, жалақының аздығы, тұрмыс деңгейінің төмендігі кейбір азаматтарды пара алуға немесе беруге мәжбүр етеді.

3.Бақылаудың әлсіздігі – Мемлекеттік органдардағы ішкі бақылаудың жеткіліксіз болуы лауазымды тұлғаларға өз өкілеттіктерін теріс пайдалануға мүмкіндік береді.

4.Таныстық пен туыстыққа негізделген қызметке орналасу – Маман емес адамдардың лауазымды қызметке келуі әділетсіз шешімдерге жол ашады.

**Салдары**

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны өте зор:

1.Экономикалық тоқырау – Инвесторлар жемқорлық жайлаған елге қаржы салудан бас тартады.

2.Заңға сенімнің төмендеуі – Адамдар заңның әділдігіне сенбесе,

қоғамда тұрақтылық жоғалады.

3.Қоғамдық моральдің әлсіреуі – Жемқорлық адал еңбекке деген құрметті азайтады.

4.Білім мен медицина сапасының төмендеуі – Пара беру арқылы оқу немесе емделу жүйені бұзады.

**Шешімі**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, жеке адамның да санасынан басталуы тиіс. Бұл бағытта келесі қадамдарды жүзеге асыру маңызды:

1.Заңнаманы жетілдіру және оны қатаң сақтау – Заң бұзғандар жаза-сыз қалмауы тиіс.

2.Азаматтық бақылау мен ашықтық – Мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігі қоғам тарапынан бақылауды арттырады.

3.Білім беру мен тәрбие жұмыстары – Мектеп пен университеттерде адалдық пен әділеттілікке баулу маңызды.

4.Мемлекеттік қызметте цифрландыруды дамыту – Қызметтерді автоматтандыру адам факторын азайтады.

5.Жастардың рөлін арттыру – Жастар адалдықтың үлгісі болуы керек. «Адал Ұрпақ» сияқты жобалар — осы бағыттағы маңызды бастамалар.

Сыбайлас жемқорлық — тек заң бұзушылық емес, бұл ел болашағына кесірін тигізетін ауыр дерт. Оның алдын алу үшін қоғамның әрбір мүшесі өзінің үлесін қосуы қажет. Әркім адалдықты өмірлік ұстанымға айналдырса, елімізде әділдік пен сенім салтанат құрады. Адал азаматтар көп болса — болашағымыз жарқын болмақ.

## ТУЛЯРЕМИЯ АУРУЫ ТУРАЛЫ

**Ауданымызда туляремия ауруының табиғи ошақтары 10 елді мекендерде (Ақын-Сара, Ақешкі, Қоныр, Көкжазық, Қынасты, Бөктерлі, Теңлік, Қайнарлы, Қаратал, Теректі) орналасқан.**

Аталған елді мекендерде жыл сайын профилактикалық егуге жататын контингенттерге вакцинация және ревакцинация (әрбір 5 жыл сайын) жұмыстары және қоздырғыштардың айналымын бақылауды мобильді зоологиялық-паразитологиялық топтар жылына кемінде екі рет (наурыз-маусым, қыркүйек-қазан) табиғи ошақтардың ландшафтылық типтеріне байланысты (бұрын туляремия өршулері болған және қоздырғышының өсірінділері оқшауланған аумақтан бастап), сондай-ақ бұрын туляремияға тексерілмеген елді мекендердің аумақтарында жүзеге асырады. Туляремия – лимфа түйіндері, тері қабаты, кейде көз, жұтқыншақ және өкпенің зақымдалуымен, айқын уланып жүретін табиғи-ошақты жұқпалы ауру.

Инфекцияның негізгі көзі - кеміргіштер (ондатрлар, егеуқұйрықтар, тышқандар, сарысуырлар, қояндар). Тәуекел топтағы: аңшылар, фермер-

лер, тері дайындаушылар, етшілер - жұқтырылған жануарлармен байланыста болған кезде, ұшаны бөлшектеген кезде жиі жұғады.

Туляремияның тасымалдаушылары қансорғыш жәндіктер болып табылады, қоздырғыш зақымдалмаған тері арқылы немесе өкпе арқылы өтуі мүмкін: бұл шаң жұтқан кезде, сапасыз дайындалған тамақ пен ластанған су арқылы жаппай жұқтырылуы мүмкін. Науқас адам айналасындағыларға қауіп төндірмейді, бірақ бұл инфекцияға адамдардың сезімталдығы өте жоғары. Аурудың клиникалық түрі ену жолына байланысты. Инкубациялық кезең 1-ден 30 тәулікке дейін (3-7 күннен артық). Әдетте ауру жіті, бас ауруы, жүрек айнуы, құсу басталады, дене температурасы тез 39-40°C дейін көтеріледі, қалтырау пайда болады. Бет және мойын терісі қызарады, конъюнктивтаға қан құйылады. Бөртпе пайда болады, ол 8-12-ші күнге дейін қабыршақтанады, одан кейін тері пигментациясы қалуы мүмкін.Егер мұндай белгілер байқасаңыз тез арада тұрғылықты жеріңіз бойынша дәрігерге қаралуыңыз қажет.

Алдын алудың ең тиімді әдісі –

## САҚТЫҚ — САУЛЫҚ КЕПІЛІ!

**Құс тұмауы – құстар арасында таралатын аса қауіпті вирустық ауру. Әсіресе оның жоғары патогенді түрі бірнеше күн ішінде үй құстарын қырып салады. Ауру жабайы құстар арқылы таралады, көбіне күзгі және көктемгі маусымда қоныс аударатын қаз, үйрек сияқты су құстарынан жұғады. Олар өздері ауырмаса да, вирус тасымалдап, үй құстарына жұқтырады.**

Аурудың белгілері: құстың селсөк болуы, тыныс алуының қиындауы, көгерген айдар мен сырга, жұмыртқалаудың тоқтауы және кенеттен қырылып қалуы. Өлген немесе ауырған құсты өз бетінше көмуге, жоюға болмайды. Осындай жағдай байқалса, тұрғындар жасырмай, дереу ветеринариялық қызметке хабарлауы тиіс.

Құс тұмауы ластанған су, жем-шөп,

киім немесе аяқ киім арқылы да таралуы мүмкін. Сондықтан құс ұстайтын әрбір үй қарапайым санитарлық талаптарды ұстануы қажет. Құсты жабайы құстардан оқшаулап ұста, бөгде тұлғалардың құс қораларына кіруін шектеу, қораны таза ұстау, су мен жемді таза сақтау індеттің алдын алуда өте маңызды. Құс қорасы аптасына кемінде бір рет дезинфекцияланып тұруы тиіс.

Құс тұмауы кейбір жағдайларда адамға жұғуы мүмкін, бірақ бұл өте сирек кездеседі және негізінен ауру құспен тікелей байланыста болған кезде. Жақсылап пісірілген құс еті мен жұмыртқадан вирус жұқпайды. Сондықтан тұрғындарға белгісіз жерден, беймәлім сатушылардан құс өнімін сатып алмауға кеңес беріледі.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және

ровья («психиатрия»)

–Справка с портала правовой статисти-ки и спец.учетов

–Справка о зарегистрированных пра-вах на недвижимое имущество

–Справка об отсутствии (наличии) не-движимого имущества

–Сведения из центра фтизиопульмо-нологии («фтизиатрия»)

–Добровольный отказ от получения банковских займов, микрокредитов

–Кредитная история (Первое кредит-ное бюро)

–Прикрепление к поликлинике

# ЕСКЕЛДІДЕ ЕҢБЕК — ЕГІНМЕН, ҰРЫС — ҚЫЗЫЛШАМЕН КЕЛЕДІ

**Аудан әкімі Елдос Ахметов «КТ Хильниченко и К» шаруа қожалығында болып, қант қызылшасын жинау барысымен танысты**

Алматы облысы Ескелді ауданында күзгі дала жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, ауданның басты ауыл шаруашылығы салаларының бірі — қант қызылшасы өсіру мен жинау науқаны бүгінде өзекті науқанның бірі саналады.

Жуырда аудан әкімі Елдос Ахметов қант қызылшасын өсірумен айналысатын ірі шаруа қожалықтарының бірі — «КТ Хильниченко и К» өндірістік кооперативінде болып, жинау жұмыстарының барысымен танысты.

Қожалық быыл 108 гектар жерге қант қызылшасын еккен. Бүгінгі күнге дейін соның 35 гектары орылып, 1800 тоннаға жуық өнім жиналған. Орта есеппен гектарынан 500 центнерден өнім алынады. Бұл — қазіргі жағдайдағы жақсы көрсеткіш.

Шаруашылықта өткен кездесуде аудан әкімі шаруалармен пікірлесіп, дала жұмыстарының ұйымдастырылу барысына оң бағасын берді. Аудан басшысы атап өткендей, ауыл шаруашылығы — аудан экономикасының негізгі тірегі. Әсіресе, қант қызылшасын өсіру — әрі табысты, әрі әлеуметтік маңызы бар бағыт.

— Қант қызылшасы — еліміз үшін стратегиялық дақыл. Қант өндірісінің ішкі нарықтағы үлесін арттыру, отандық өнім көлемін көбейту — мемлекетіміздің негізгі басым бағыттарының бірі. Осы ретте, Ескелді ауданы алдыңғы қатарлы өңірлер қатарында. Шаруалардың ұйымшылдығы мен жауапкершілігінің арқасында быыл да жақсы өнім жиналды. Мұның бәрі — табанды еңбектің, жердің тілін түсінген диқанның жемісі, — деді Елдос Ахметов.

Техника жаңарып, тәсіл жетіліп келеді

Қант қызылшасын өгуде соңғы жылдары жаңа технологиялар мен заманауи агротехникалық тәсілдер белсенді қолданылып келеді. Бұл бағытта «КТ Хильниченко и К» шаруашылығы да көштен қалып отырған жоқ. Жаңа техникалар мен жабдықтар, жоғары өнімді тұқым, уақтылы жүргізілген тыңайтқышпен суару — биылғы өнімнің сапасына тікелей әсер еткен. Шаруашылық өкілдерінің айтуынша, қызылша жинау жұмыстарына бірнеше бірлік жаңа техника жұмылдырылған. Механизаторлар мен жұмысшылар маусымдық жұмысқа алдын ала дайындалып, нақты жоспармен жұмыс істеуде. Әрбір тонна өнім — маңдай тердің жемісі.

— Біздің басты мақсатымыз — сапалы өнім өсірумен қатар, жердің құнарын сақтау, агротехникалық талаптарды қатаң ұстану. Қазіргі таңда қызылша жинау қарқынды жүруде. Алынған өнім Талдықорғандағы қант зауытына жөнелтіледі, — дейді шаруашылық өкілдері.

Аудан әлеуеті — ауылмен айқын

Ескелді ауданында бүгінгі таңда ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл бағытта өндірісті әртарапандыру, заманауи технологиялар енгізу, жұмыс күшін тұрақтандыру, ауыл тұрғындарын маусымдық табыспен қамтамасыз ету сияқты шаралар қолға алынған.

Қант қызылшасы да — тұрақты жұмыспен қамтуға қолайлы сала. Әсіресе күзгі жиын-терін кезінде жүздеген ауыл тұрғыны уақытша жұмысқа тартылады. Бұл — ауыл тұрғындарының әлеуметтік



жағдайын жақсартуға сеп.

— Еңбекпен келген әрбір жетістік — ауылдың берекесі мен болашағының кепілі. Осындай нәтижелі жұмыстардың арқасында ауданда ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті артып келеді. Бұл бағыттағы қолдаулар мен бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады, — деді аудан әкімі сапар соңында.

Береке — бірлікте, өнім — еңбекте. Күз — егінші үшін сын сағаты. Бұл кезең — маңдай тердің, табандылықтың нақты нәтижесін көрсететін мезгіл. «КТ Хильниченко и К» қожалығында бүгінде осы жауапкершілік толық сезіліп отыр. Ұйымдасқан жұмыс, тәжірибелі мамандар мен заманауи техника — жоғары өнімділіктің негізі.

Аудан басшысының айтуынша, күзгі дала жұмыстарының уақтылы әрі сапалы орындалуы — өңір экономикасы үшін шешуші факторлардың бірі. Сондықтан әр гектардан алынған өнім — тек шаруашылықтың емес, бүкіл ауданның ортақ жетістігі саналады.

Ең бастысы — жерге жанашырлықпен қараған елдің еңбегі ешқашан зая кетпейді. Бүгінгі күні жиналып жатқан әр тонна қызылша — ел ырысы, ауылдың игілігі, берекелі еңбектің айқын көрінісі.

Дара Дана

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАЙЫҚ

2025 жылдың қыркүйек айында еліміз бойынша кең көлемде ұйымдастырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында туған ауылымызда маңызды іс-шара — сенбілік өтті. Бұл акцияның басты мақсаты — қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және әрбір азаматтың табиғат алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Ауылымыздың белсенді тұрғындары, мектеп ұжымы, жастар мен ардагерлер бір кісідей жұмылып, туған жердің тазалығы мен көркі үшін өз үлестерін қосты. Сенбілік таңғы сағат 9:00-де басталып, ауыл өкімдігінің ұйымдастыруымен нақты жоспар бойынша өткізілді.

Атқарылған жұмыстар: Сенбілік барысында ауыл ішіндегі және маңайындағы бірнеше бағып қамтылды. Атап айтқанда:

- Ауыл көшелері мен жол жиегі қоқыстан тазартылды.
- Саябақтар мен демалыс орындарындағы қалдықтар жиналды.
- Ауыл сыртына, яғни сай-сала мен орман-тоғай аумақтарына назар аударылды.

-Мектеп, мәдениет үйі және медициналық пункт маңдары абаттандырылды.

-Кейбір учаскелерге ағаш көшеттері отырғызылып, тал-терек өктелді.

-Қайта өңдеуге болатын тұрмыстық қалдықтар (пластик, шыны, қағаз) сұрыпталып бөлек жиналды.

Ауыл азаматтары өз үйлерінің айналасын ретке келтіріп, әр тұрғын тазалықты сақтау маңызды екенін тағы бір мәрте түсінді. Әсіресе, жастардың белсенділігі ерекше атап өтуге тұрарлық. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері мұғалімдермен бірге сенбілікке үлкен қызығушылықпен қатысты.

Табиғат — ортақ байлық

Бұл сенбілік — жай ғана тазалық жұмысы емес, ол — табиғатқа деген жанашыр көзқарастың көрінісі. Ауылымыздың таза әрі көрікті болуы — осы жерде тұрып жатқан әр азаматтың қолында. «Таза ауыл — дені сау ұрпақтың мекені» деген қағидамен ұйымдастырылған бұл шара жергілікті халықтың экологиялық мәдениетін арттыра түсті.

«Таза Қазақстан» акциясы — экологияны қорғауға арналған уақытша науқан емес, бұл — ел азаматтарын табиғатты аялауға үндейтін маңызды қозғалыс. Туған жердің көркеюі, ауаның тазалығы, судың мөлдірлігі — бәрі де өз қолымызда. Сенбілік арқылы ауылдастарымыздың ынтымағы мен туған жерге деген жанашырлығы айқын көрінді.

Болашақта да мұндай игі істер жалғасын тауып, туған өлкеміздің әрбір бұрышы таза, жасыл әрі жайлы мекенге айнала берсін!

Дара Дана

# ӨНЕР — ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ



Өнер — халықтың тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әртүрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді.

Осы рухани құндылықтарымызды жаңғырту, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатында, Жетісу облысының Ескелді ауданы бойынша білім бөліміне қарасты 2023 жылдың 30 мамырда балаларға қосымша білім беретін жаңа орталық ашылды. Ол, «Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» .

Бұл орталықтың аудан бойынша, мемлекетіміздің саяси міндеттерін атқара отырып, жеке тұлғаның мамандық таңдауда кәсіби талғамы мен шығармашылық дамуына сапалы қосымша білім берумен қамтамасыз етуде алатын орыны ерекше.

«Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» қоғамдағы өз орынын білім беру саласында қосымша білім бере

отырып әлеуметтік ортада түлектерінің өз қалауларымен және өз талғамдарымен өресі биік азамат болып өсуіне қосар үлесі өте көп.

Шығармашылық орталықта домбыра, қобыз, фортепиано, гитара, баян, вокал, хореография, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер үйірмелері жұмыс жасайды. Бүгінгі күнде орталықта 393 шәкірт дәріс алууда. Бұл әріне үлкен жетістік.

Шығармашылық орталықтың ең басты мақтанышы, әріне ондағы ұлағатты ұстаздар қауымы. Шәкірттерінің Халықаралық, Республикалық, облыстық және аймақтық байқаулардан алған жүлделері ұстаздарымыздың тынбай атқарған еңбектерінің жемісі десе де болады.

Ұстаздар қауымының қосымша білімнің дамуына қосқан үлесі айтарлықтай.

Балаларды сахна мәдениетіне үйретуде ұстаздардың еңбегі өте зор. Балалар ауданда, облыста атқарылатын түрлі мәдени іс-шараларда белсене атсалысады.

2 жыл ішінде орталық өзінің есеп беру концертін де өткізіп үлгерді.

Көркем-эстетикалық бағыт бойынша бейнелеу өнері көрмелері де ұйымдастырылуда.

Бұл, шығармашылық орталықтың атқарып отырған жұмыстарының бастамасы ғана. Болашақта талантты, шығармашыл Әбілхан Қастеевтар, Күләш Байсейитовалар, Б. Төлегеновалар, Шара Жиенқұловалардың ізбасарлары дәл осы орталықтан табыларына сөзсіз сенеміз.

Л.С. ВЫРАХМАНОВА,

Оқу -тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

# ТАТУЛЫҚ ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРАДЫ

Бейбітшілік — ел бақыты, татулық — тірлік негізі

Қазіргі таңда жаһандық тұрақсыздық пен қақтығыстар жиілеген заманда татулық пен бірлік — әрбір ел үшін басты құндылыққа айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, «Татулық әлемді құтқарады» деген тұжырым — тек қарапайым сөз тіркесі емес, ол — бүкіл адамзаттың бейбіт өмір сүруінің негізі.

Қазақстан — жүзден астам ұлт пен ұлыс мекендейтін көпұлтты мемлекет. Мұндай алуан түрлілік жағдайында ел ішіндегі тыныштық пен тұрақтылықты сақтау — үлкен жетістік әрі мақтаныш. Егемендік алған жылдардан бері елімізде ұлтаралық келісім мен дінаралық түсіністікке негізделген қоғамдық келісім орнықты. Бұл — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясаты мен Қазақстан халқы Ассамблеясы сынды бірегей институттың арқасы. Бүгінде бұл бағытты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та табысты жалғастырып келеді.

Татулық тек мемлекеттің ішкі саясаты үшін ғана емес, әрбір азаматтың күнделікті өмірінде де аса маңызды. Отбасында, еңбек ұжымында, қоғамдық ортада адамдар бір-біріне құрметпен қарап, түсіністіктен өмір сүрсе — қоғамда тыныштық орнайды. Ал бұл өз кезегінде елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына оң ықпал етеді.

Данышпан Абай атамыз: «Біріңді — қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» — деп адамзат баласын өзара сыйластық пен татулыққа шақырған. Бұл ұстаным бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Тіпті, қазіргі заманда оның өзектілігі арта түсті деуге болады.

Бүгінгі Қазақстан — бейбітшілікті ту еткен, достық пен ынтымақты басты қағида санайтын ел. Осындай тұрақтылық пен татулықтың арқасында мемлекетіміз халықаралық аренада да беделге ие болып отыр. Бұл жетістікті сақтау — баршамыздың ортақ міндетіміз.

Қорытындылай келе, татулық — елдің тұтастығы мен тұрақтылығының кепілі. Ол бар жерде даму бар, береке бар. Сондықтан әрқайсымыз өз айналамыздан татулық пен түсіністік орнатуға үлес қосуымыз қажет. Себебі шын мәнінде, «Татулық — әлемді құтқаратын күш».

М.МЕДАТАҚЫНОВА,

Ескелді ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы

Дара Дана

## АУҒАН СОҒЫС АРДАҒЕРІ ОРАЗБЕКОВ СӘБИТТИ ВОЛЕЙБОЛДАН ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРИ



2025 жылдың 27 қыркүйек күні Қарабұлақ ауылдық округінде Ұлы Отан соғысының 80 жылдық мерекесі аясында Ауғанстан жерінде ерлікпен қаза тапқан Сәбит Оразбековты еске алуға арналған аудандық волейбол жарысы ұйымдастырылды.

Жарысқа аудан мектептерінің командалары қатысып, достық пен спорттық шеберлікті паш етті. Ойын барысында қатысушылар жоғары деңгейдегі дайындықтары мен спортқа деген қызығушылықтарын көрсетті.

Жарыс нәтижесінде:  
1 орын Шестаков мектебі  
2 орын Титова мектебі  
3 орын Алдаберген мектебі жүлделі орындарға ие болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

Г.ОМАРОВА,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

рекциясы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы кубок, медаль және грамоталарымен марапаттады. Сонымен қатар Жетісу облысының Ауған соғысы ұйымы тарапынан ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Бұл шара – жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, ардагерлердің ерлігін ұлықтауға және спортты дамытуға бағытталған маңызды іс-шара болып саналады.

## «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС Х-ШЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

2025 жылғы 25 қыркүйек күні Ескелді ауданында «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс Х-шы конференциясы өтті. Қарабұлақ ауылындағы Мәдениет үйінде ұйымдастырылған маңызды саяси жиынға барлығы 70 делегат қатысып, қажетті кеңестің қамтамасыз етілді.

Жиынды модератор, аудандық мәслихат төрағасы Қанат Сатанов жүргізді. Конференцияға сондай-ақ, «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалы Қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Асхат Досмұхамбетов, аудандық партия ардагерлері, ауылдық округ әкімдері, БАҚ өкілдері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

Басты мәселе — партия филиалының төрағасын сайлау. Күн тәртібінің негізгі мәселесі — «АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалының жаңа төрағасын сайлау болды. Бұл жөнінде сөз алған ауданның Құрметті азаматы, партия ардагері Серік Маманұлы Сарыев Азамат Ержанұлы Саскебаевтың кандидатурасын ұсынды.

Делегаттар бұл ұсынысты бірауыздан қолдап, дауыс беру нәтижесінде Азамат Саскебаев «АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы болып сайланды.

Жаңа төраға алғысын білдіріп, алдағы уақытта партия жұмысын жүйелі ұйымдастыру, халықпен

кері байланысты арттыру, партияның саяси бағытын жергілікті деңгейде нәтижелі жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ететінін жеткізді.

Саяси кеңес пен Бюро құрамына өзгерістер енгізілді. Конференция барысында тағы екі мәселе қаралды. Біріншісі — партияның аудандық Саяси кеңесі Бюросының құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Екіншісі — Саяси кеңестің жалпы құрамын жаңарту.

Жаңа құрам бекітілмес бұрын партия ардагері, ауданның Құрметті азаматы Қалабек Тастанбайұлы Тастанбаев сөз алып, партия жұмысына серпін беру үшін жастарды тарту, бастауыш ұйымдармен тығыз байланыс орнату жөнінде өз пікірін білдіріп, партия мүшелерін бірлікке, белсенділікке шақырды.

Саяси кеңес Бюросының жаңа құрамы 7 адамнан, ал Саяси кеңестің өзі 15 мүшеден құрылып, ашық дауыс беру нәтижесінде бір ауыздан қабылданды. Құрамға партия өкілдерімен қатар, аудандық мәслихат депутаттары, білім, денсаулық, спорт, мәдениет және жастар ұйымдарының жетекшілері енгізілді.

Партияның жергілікті құрылымы жаңарып, міндеттер айқындалды.

Конференцияның барлық қаулылары ашық дауыс беру арқылы қабылданып, қатысушылар тарапынан қолдау тапты. Жиын соңында сөз алған «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының Қоғамдық



қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Асхат Сейденұлы Досмұхамбетов конференция жұмысына оң баға беріп, жаңадан сайланған төраға мен кеңес мүшелеріне сәттілік тіледі.

— «АМАНАТ» партиясының басты мақсаты — халықпен бірге болу, елдің мұң-мұқтажына дер кезінде үн қатып, нақты шешімдер ұсыну. Жаңа құрамнан біз осы бағытта тың серпін күтеміз. Жергілікті жердегі әрбір бастама партияның Орталық саясатына сай болып, қоғамның сеніміне ие болуы тиіс, — деді ол.

Конференция барысында тұтастық пен ұйымдасқандық, партия мүшелерінің белсенділігі мен жауапкершілігі анық байқалды. Барлық күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, нақты шешімдер қабылданды.

«АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалының кезектен тыс Х-шы конференциясы табысты аяқталды. Жаңадан сайланған төраға мен саяси кеңес мүшелеріне сенім артып, партия жұмысының жаңа кезеңіне аяқ басылды.

## ҚАРТТАР – ҚАЗЫНАМЫЗ: ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ҚАРТТАР КҮНІ ЕРЕКШЕ АТАП ӨТІЛДІ



Ескелді ауданында Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым, аман-сауымысың» атты акция өтті

1 қазан — Халықаралық қарттар күні. Бұл — ел еңсесін тіктеген, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, туған жердің өркендеуіне арнаған аға буын өкілдеріне тағзым ету күні. Осыған орай, «АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалы «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында «Қарттарым, аман-сауымысың» атты мерекелік акция ұйымдастырды.

Ігі шара аясында ауданның бірқатар елді мекендерінде тұратын ардагерлер мен зейнеткерлердің үйлеріне арнайы барып, мерекелік құттықтаулар мен сый-сипаттар табысталды.

Акцияға «АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы Азамат Ержанұлы Саскебаев бастаған топ қатысып, ардагерлерді арнайы құттықтады. Олар қарттарға тәттілерден, шай және күнделікті қажетті азық-түлікпен құралған сый-сепеттер тарту етіп, ізгі тілектерін жеткізді.

— Қарттарымыз — ел тарихының тірі куәгерлері. Олар — тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап бүгінгі бейбіт өмірге дейінгі аралықта аянбай еңбек еткен, ұрпаққа үлгі боларлық тұлғалар. Қоғам үшін олардың орны ерекше. Ардагерлерге құрмет көрсету — біздің азаматтық әрі адамдық парызымыз, — деді Азамат Саскебаев өз құттықтауында.

Партияның «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы жыл сайын ұйымдастырылып, жүйелі түрде жалғасып келеді. Бұл бастама — қарттардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға, өмірге белсенді қатысуына ықпал етуді, оларға деген шынайы ризашылық пен қамқорлықты көрсетуді мақсат етеді. Акция барысында Ескелді ауданының бірнеше елді мекеніндегі еңбек ардагерлері, соғыс және тыл ардагерлері, ұзақ жылдар ауыл мен қоғам өмірінде еңбек еткен ақсақалдар мен аналар үйінде құттықталды. Ауыл ақсақалдары өз тараптарынан батасын беріп, көрсетілген құрметке шынайы алғыстарын білдірді. Көпшілік қариялар жастарға ізгі тілектерін жаудырып, елге тыныштық пен ырыс тіледі. Басты мақсат — құрмет пен қайырымды қоғам Бұл акция — жай ғана мерекелік шара емес, ел бірлігін нығайтуға, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға бағытталған маңызды әлеуметтік бастама. Қоғамның аға буынға деген ықыласы мен қамқорлығы — елдің өркениеттілігінің белгісі. Ескелді ауданындағы бұл бастама жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Партия филиалы алдағы уақытта да қарттарға құрмет көрсетуге арналған әлеуметтік жобаларды жалғастырып, олармен етене жұмыс істеуді көздеп отыр. Қай заманда да ақсақалдар ардақтаған ел тозбайды. Аға буынға көрсетілген құрмет — болашақ ұрпақты тәрбиесіне қосылған мол үлес. «АМАНАТ» партиясының осындай игі істері — елге қызмет етудің жарқын көрінісі.

Қарттарымыз — елдің шежіресі, рухани діңгегі, тілегі. Оларға құрмет көрсету — әрқайсымыздың адами борышымыз.

## ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Сіздерді  
мерекелеріңіз  
Мұғалімдер  
шынын  
құттықтаймын!

Білім мен тәрбие — ел болашағының негізі. Осы жолда аянбай еңбек етіп, жас ұрпақтың жүрегіне ізгілік нұрын себетін, оларды білім мен өнерге, адамгершілікке баулитын Сіздердің еңбектеріңіз шексіз құрметке лайық.

Ұстаз — мәңгілік мамандық. Әрбір жетістікке жеткен азаматтың артында ұлағатты мұғалімнің қолтаңбасы бар. Сіздердің білім мен тәрбиедегі қажырлы еңбектеріңіз, жоғары кәсіби шеберліктеріңіз еліміздің болашағын жарқын етуге қосқан зор үлес деп білеміз.

Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, шәкірттеріңіздің құрметі мен алғысына бөлене берулеріңізге тілектеспін! Жаңа белестер мен табыстарға толы жылдар болсын!

Мерекелеріңізбен, қадірлі ұстаздар!

кәсіби

—  
күнімен  
жүректен



АЛМАС ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ ШАИХОВ

## ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Ұстаз — ұлт болашағының сәулесін жаққан шырақшы. Адам баласының білім алып, ғылымды меңгеріп, тұлға болып қалыптасу жолында алатын алғашқы бағдары — ұстаздан басталады. Ұстаздың қоғамдағы орны мен рөлі ерекше. Ол — тек білім беруші ғана емес, адамгершілік пен парасаттылыққа жетелер тәрбиеші, бағыт-бағдар беруші, үлгі боларлық тұлға. Мұғалім болу — жай мамандық емес, бұл — үлкен жауапкершілікті, рухани күшті, мейірімділік пен шыдамдылықты қажет ететін қасиетті мамандық.

Қоғамдағы кез келген тұлғаның, мейлі ол ғалым, дәрігер, инженер, спортшы немесе жазушы болсын — бәрінің іргетасын қалаған адам — ұстаз. Ұстаз оқушының өмірінде үлкен рөл атқарады. Ол шәкіртінің ішкі жан дүниесін түсініп, бойындағы қабілеттерін ашып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Бұл — тек кәсіби біліктілікпен шектелмейтін, үлкен жүректі, мейірімді жанның қолынан келетін іс.

Ұстаз болу — мектепке барып, сабақ өткізу ғана емес. Ол — әр оқушының тағдырына, арман-мұратына, өмірлік таңдауына әсер ету. Шәкіртінің жетістігі — ұстаздың еңбегі, тәрбиесінің жемісі. Мұны әлемдік деңгейдегі ғұламалар да мойындаған. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби:

«Жақсы ұстаз — бәрінен қымбат», — деген.

Ұстаз еңбегінің ерекшелігі мен қиындығы

Ұстаздық жол — қиын да күрделі жол. Бұл мамандық жанкешті еңбекті талап етеді. Күн сайын түрлі мінезді, әртүрлі ой-пікірі бар оқушылармен жұмыс істеу, олардың көңіл-күйін, қабылдау қабілетін, отбасы жағдайын ескере отырып білім беру — үлкен шеберлікті қажет етеді.

Бүгінде ұстаз тек оқулықтағы ақпаратты жеткізуші ғана емес. Ол — психолог, кеңесші, тәрбиеші, қоғаммен байланыс орнатушы маман. Жаңа заман мұғалімінен үнемі өзін дамытып отыру, ақпараттық технологияларды меңгеру, креативті болу, жаңаша ойлау талап етіледі. Сонымен қатар, ата-анамен тығыз байланыс орнатып, бала тәрбиесіне бірлесе атсалысу — уақыт талабы.

Қазіргі мектеп мұғалімі тек оқу ордасындағы емес, бүкіл қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінеді. Ол ел болашағы — жастарды тәрбиелеуде шешуші рөл атқарады. Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың:

«Мұғалім мәртебесі — ел мәртебесі» — деген сөзі терең мағынаға ие.

Ұстаз — адамгершілік пен руханияттың жаршысы

Ұстаз — шәкіртке тек білім ғана емес, өмірлік құндылықтарды да үйретуш тұлға. Ол әділдікке, жауапкершілікке, шыншылдыққа, еңбексүйгіштікке баулиды. Әрбір оқушы ұстазынан өнеге алып өседі. Жас жеткіншектің бойына патриоттық сезім, елге, жерге деген сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды қасиеттерді сіңіру — ұстаздың басты міндеттерінің бірі.

Ұстаздан алған тәрбие — өмірлік азық. Қаншама ұлы тұлғалар өздерінің биік белестерге жетуінде ұстаздарының рөлін ерекше атап өткен. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы:

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», — деп, ұстаздың ұлы миссиясын айқын көрсеткен.

Қазіргі заман ұстазы қандай болуы керек?

Бүгінгі заман — технология мен ақпарат ғасыры. Демек, мұғалім де заман талабына сай өзгеруі тиіс. Қазіргі ұстаз — жаңашыл, креативті, үнемі ізденісте жүретін тұлға. Ол цифрлық білім ресурстарын пайдалана білетін, түрлі платформалармен жұмыс істей алатын, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерген маман болуы қажет.

Сондай-ақ, бүгінгі оқушы — еркін, ашық ойлы, сын тұрғысынан ойлай алатын тұлға. Олармен тең дәрежеде сөйлесіп, пікірін тыңдай білу де — ұстаздың мәдениетінің көрінісі. Мұндай ұстаз оқушы үшін әрдайым құрметке лайық болады.

Ұстазға деген құрмет — азаматтық парыз

Ұстазға құрмет көрсету — адамгершіліктің белгісі. Халқымызда «Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт» деген дана сөз бар. Себебі ата-ана бізге өмір сыйласа, ұстаз сол өмірді мәнді, мазмұнды етуді үйретеді. Ұстаз — жүректен жол тапқан жан. Оның әрбір сөзі, әрекеті, күлкісі, тіпті үнсіздігі де шәкіртке әсер етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда ұстаз мәртебесін арттыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылууда. 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заң — мұғалім беделін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Мұндай қолдаулар ұстаздар қауымының еңбегін бағалаудың айқын көрінісі.

Ұстаз — ұлттың ұлағатты ұлы. Оның қолында тек бор мен тақа емес, болашақтың кілті бар. Себебі ол — ел ертеңін тәрбиелейтін, жаңа буынға бағыт беретін, рухани байлықты бойына сіңірген киелі мамандық иесі.

Қоғам қанша өзгерсе де, ұстазға деген құрмет ешқашан төмендемеуі тиіс. Ұстаз — уақытпен жарысқан маман емес, уақытты тәрбиелейтін тұлға. Ендеше, ұстазға құрмет көрсету — келешекке деген сенім мен жауапкершіліктің көрінісі.

Болашақ — білімді ұрпақтың қолында. Ал сол ұрпақты тәрбиелейтін — ҰСТАЗ. Сондықтан, ұстазды қадірлеу — ұрпақты, елді, болашақты қадірлеу деген сөз.



*Тағылымды тәлімгер*

**Зайтбекова Раушан  
Исабаевна**  
Жетісу орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі





*Ұлтжанды ұстаз*

**Үсенұлы Қанатбек**

*Жастар негізі орта  
мектебінің қазақ тілі  
мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі*





**Матибаева Шынар Ериковна**

Ш.Уәлиханов атындағы орта  
мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі





**Ербаева Раушан Болатхановна**

Ш.Уәлиханов атындағы орта  
мектеп-гимназиясының  
информатика пәнінің мұғалімі





*Тағылымды тәлімгер*

**Ержанова Алтынжан  
Абдыхановна**  
“Балпық би атындағы  
орта мектебі” КММ-нің  
орыс тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі





**ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛДЫҢ  
ЖАС ШАМШЫРАҒЫ**

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ  
ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ



**КУДАЙБЕРГЕНОВА  
АМИНА  
КУАНЫШБЕКОВНА**



*Тағылымды тәлімгер*

**Андаспекова Мая  
Мырзахметовна**  
“Балпық би атындағы  
орта мектебі” КММ-нің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі





*Бусаева Анастасия  
Жүрьевна*

*СШ и.м. Н.Алдабергенова  
учитель биологии*





*Кестеренко Анжелика  
Викторовна*

*СШ и.м. Н.Алдабергенова  
учитель истории и географии*





*Ізденімпаз ұстаз*

**Барбулова Фарид  
Бекеновна**  
Жаңалық негізгі орта  
мектебінің  
математика пәнінің  
мұғалімі





*Жаңашыл ұстаз*

**Исабаева Алия  
Кожакметовна**  
Жетісу орта мектебінің  
тарих пәнінің мұғалімі,  
педагог-зерттеуші





*ДАРЫНДЫ ҰСТАЗ*

**САУДАБЕКОВ АСЫЛБЕК  
КАНАТБЕКОВИЧ**  
Титов атындағы орта мектебінің  
география пәнінің мұғалімі



*ТАЛАПШЫЛ ҰСТАЗ*

**ЖЕКЕМБАЕВА ТАТТИГУЛЬ  
СЕЙТЖАНОВНА**  
Титов атындағы орта мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі







*«Ұстаз – ұрпақтың шамшырағы»*

Ғалым Сандуғаш  
Арабайқызы Бәтима  
Сапар Бекәлі  
Бодауов Мурат Ерболатович  
математика пәнінің мұғалімдері





*Ізденімпаз ұстаз*

**Ғалым Сандуғаш**

С. Сейфуллин атындағы орта  
мектептің математика пәні  
мұғалімі





*Тәрбиенің темірқазығы*

Хапар Хосантай  
Қаблisa жырау атындағы  
орта мектебінің  
денешынықтыру пәнінің мұғалімі





*Жан азығының жаршысы*

Алпарова Маржан Сұлтанбековна  
Қаблisa жырау атындағы  
орта мектебінің  
география пәнінің мұғалімі



**ЖАУАПТЫ  
ҰСТАЗ**

**ЕРЖАНОВА ЗАУРЕ  
АСКЕРБЕКОВНА**

Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі







КӨШБАСШЫ ҰСТАЗ

Смагулова Надира Акилбаевна

Шестаков атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі





Ұстаздық - ұлы өнер

Байтұрбаева  
Ажар Бархытовна

Байысов орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі





Ізденімпаз ұстаз

Ахметова  
Карлыгаш Ериковна

Байысов орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі





Ұлағатты ұстаз

Байбатчаева Майра  
Тынышбаева

Т.Рүстембеков атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі





Парасатты ұстаз

Сейдахметова Светлана  
Мергембаевна

Т.Рүстембеков атындағы орта мектебінің бастауыш сынып пәнінің мұғалімі





Жас маман

Толугалиева Сымбат  
Толугалиқызы

М.Маметова атындағы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі





Ізденімпаз ұстаз

Самылтырова Айзат  
Уалжаковна

М. Маметова атындағы орта мектебінің география пәні мұғалімі





ТАЛАПШЫЛ ҰСТАЗ

Тилеуханова Дария Тилеухановна

Қарабұлақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі





Башабаева Алия  
Умиралиевна

Қарабұлақ орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі





Ұстаз ұлағаты- тағылым жолы!

РАЙС ЕЛАМАН

Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің Биология пәнінің мұғалімі






МИХОВ КИРИЛЛ  
ИВАНОВИЧ

УЧИТЕЛЬ ИНФОРМАТИКИ  
КАРАТАЛЬСКОЙ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ  
ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА





Нұрлы нұсқаушы

Конаева Татьяна Виуторовна

Б. Жолбарысұлы атындағы орта мектептің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі






Ізгілікті ізашар

Уразалинова Алия Капалбековна

Б. Жолбарысұлы атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі





Білімнің шамшырағы – ізгілік иесі!

Самархан Арайгүл  
Жалғызаш орта мектебінің математика пәні мұғалімі





ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗ

РАЗИКОВА ЗУХРА ТУРСУНКУЛОВНА

Шестаков атындағы орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі





СЕРИКБАЕВА  
СВЕТЛАНА ВАСИЛЬЕВНА

УЧИТЕЛЬ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ  
КАРАТАЛЬСКОЙ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ  
ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА





Шығармашыл ұстаз

Мысырбекова Жадыра  
Меировна

Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі КММ  
Тарих пәнінің мұғалімі





Креативті ұстаз

Кайранбекова Арайлым Қайратқызы

Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі



**Оразбаева Гауһар Айтмұханбетқызы**  
ІЗДІМНАЛ ТӘРБИЕШІ  
МККК «Айсу» балалар баспасы

**Ескелді ауданы**  
"Айгөлек" бөбекжай-бақшасы  
Байгалий Март  
Іздемпаз тәрбиеші.

**Керімова Альмира Дарханқызы**  
"Балапан" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

**Далабаева Асем**  
**Оралбаевна**  
"Балдырған" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

**Шебер ұстаз**  
**Отан Мұсап**  
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

**Шығармашы ұстаз**  
**Тойлыбеков Оралбек Маликович**  
Байысов атындағы орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

## ЕРКІН КҮРЕСТЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСТА ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ НАМЫСЫ ҚОРҒАЛДЫ



**2025 жылдың 24–28 қыркүйек күндері аралығында Астана қаласында еркін күрестен кіші жасөспірімдер арасында Республикалық чемпиондар лигасы жарысы жоғары деңгейде өтті. Бұл додада еліміздің түкпір-түкпірінен ең үздік спортшылар жиналып, өз шеберліктерін көрсетті.**

Аталған ауқымды бәсекеге Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен бір ғана балуан қатысқанымен, бұл сапар аудан спорты үшін үлкен жетістікпен аяқталды. +66 келі салмақ дәрежесінде боз кілемге шыққан Турусбек Мейржан шын шеберлік пен табандылық танытып, қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп шығып, 1-орын иеленді. Осылайша, Мейржан республикалық дәрежеде топ жарып, ел біріншілігінде алтыннан алқа тағынды.

Жас балуанның бұл жеңісі – қажырлы жаттығудың, тиянақты дайындықтың және бапкер мен шәкірт арасындағы өзара сенімнің жемісі. Мейржанның жаттықтырушысы – Байғабатов Рахат. Ол шәкіртіне сеніп, әр жарысқа үлкен жауапкершілікпен дайындап, спортшының физикалық әрі психологиялық дайындығына айрықша көңіл бөлген.

«Мейржан – еңбекқор, намысшыл, талапты бала. Бұл жеңіс оның тек бастамасы деп сенеміз. Алда бұдан да үлкен жетістіктер күтеміз», – дейді бапкері Байғабатов Рахат.

Турусбек Мейржан – тек спорттағы ғана емес, үлгілі тәртібімен де ерекшеленетін жас өрен. Оның бұл жеңісі Ескелді ауданы жастары үшін үлкен үлгі, болашақ чемпиондарға мотивация болары сөзсіз.

Жеңіс – еңбекпен келеді!

Бір спортшының жеңісі – тұтас ұжымның, ауданның ортақ жеңісі. Мейржанның бұл жетістігі – Ескелді ауданындағы спорт саласының даму қарқынын көрсетіп отыр. Алда халықаралық жарыстар, Азия және әлем біріншіліктері бар. Біз өз кезегінде жас балуанға зор табыс тілейміз!

Ескелді ауданының абыройын асқақтатқан жеңіс!

**Адильбеков Қапалбай Қуатұлы**

**«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі**  
**«Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Директоры**

## ВОЛЕЙБОЛДАН АУҮЛ SPORT-2025 ТУРНИРИ: ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ЖАС СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

2025 жылдың 25–28 қыркүйек күндері Талдықорған қаласында волейболдан 2010 жылы туған жасөспірім қыздар арасында АУҮЛ SPORT-2025 турнирі мәреге жетті. Бұл жарыс өңіріміздің спорттық өмірінде ерекше орын алып, жас спортшылардың өзара шеберліктерін сынайтын маңызды додалардың бірі болды.

Жарыстың ерекшелігі мен қатысушылар

Турнирге Жетісу облысының түкпір-түкпірінен 6 командадан 80-нен аса жас спортшы қатысты. Бәсеке жоғары деңгейде өтіп, командалар арасындағы тартыс қызықты әрі әділ болды.

«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен, осы жарысқа облыстың намысын қорғауға Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 2010 жылы туған қыздар коандасы қатысты. Ескелді спортшыларының жетістігі Ескелді ауданының жас волейболшылары жанкештілік пен тәзімділік танытып, жарыс қорытындысы бойынша қола жүлдені (3 орын) жеңіп алды. Бұл – үлкен табыс және аудан спортшыларының болашағына берілген сенімнің белгісі.

Турнир барысында біздің қыздар өздерінің техникалық шеберліктерімен, командалық ойын үйлесімдерімен көзге түсті. Әр ойын – өз алдына үлкен сынақ болса да, олар белсенді ойнап, әр допқа таласып, әділ ойынды көрсетіп шықты.

Жаттықтырушының рөлі

Жетістіктің артында зор еңбегі мен тәжірибесі бар жаттықтырушы – Жанат Елдос тұр. Ол шәкірттерін жүйелі дайындап, ойын тактикасын меңгертуге айрықша көңіл бөлді. Жанат Елдостың кәсіби біліктілігі мен шәкірттеріне деген махаббаты олардың жеңісінің басты кілті болды.

«Біздің мақсат – спортшыларымызды жоғары деңгейдегі жарыстарға дайындап, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Бұл турнир – үлкен тәжірибе, әрі шабыт көзі болды», – дейді жаттықтырушы Жанат Елдос.

Ескелді ауданының волейболдан 2010 жылғы жасөспірім қыздар командасының АУҮЛ SPORT-2025 турнирінде қола жүлде иеленуі – аудан спортының дамуының айқын көрінісі. Бұл жетістік жас спортшыларды әрі қарай жетілдіруге, жаңа белестерді бағындыруға шабыт береді.

Алдағы уақытта команданың халықаралық және республикалық жарыстарда да биік шыңдарды бағындырып, Ескелді ауданының намысын көтеретініне сенім мол.

**Адильбеков Қапалбай Қуатұлы**

**«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі**  
**«Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Директоры**



**Меншік иесі:**  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
**директор - бас редактор**  
**Инкар Ерболқызы**  
**НҰРСҰЛТАНОВА.**  
**Редакцияның телефоны 3-19-15**

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**  
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

**Газет материалдары**  
**редакцияның компьютерлік**  
**орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй**

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.  
**Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1424 Көлемі 2 баспа табақ.**  
Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.  
**Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ**